

**6D011400 – «Тарих» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін  
Токишкадиров Ботабек Бейбитбековичтің «XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы Шығыс Қазақстандағы дәстүрлі  
мал шаруашылығының ыдырау» тақырыбын «Қазақстан тарихы» курсында оқыту әдістемесі» тақырыбында  
дайындалған диссертациясына**

**Рецензия**

<b>№</b>	<b>Критерийлер</b>	<b>Критерийлер сәйкестігі</b>	<b>Ресми рецензенттің ұстанымы</b>
<b>1</b>	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:	Докторанттың диссертациялық жұмысының тақырыбы Қазақстан Республикасының 2023-2029 жылдарға арналған еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуының мемлекеттік бағдарламасының бағыттарына сәйкес. Сондай-ақ, отандық білімнің және ғылымның әлемдік бәсекеге қабілеттілігін арттыру, ғылымның интеллектуалдық әлеуетін нығайту және жалпы адамзаттық құндылықтарға сәйкес негізде білім беру мәселелерін қамтиды.

	<p>қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі);</p> <p>2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы)</p> <p>3) <b>Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)</b></p>	<p>беруді және ғылымды дамытудың мемлекеттік бағдарламаларын жүзеге асыруға бағытталған тұжырымдарына сәйкес келеді. Сонымен қатар Қазақстандық білім мен ғылымының жаһандық бәсекеге қабілеттілігін арттыру, ғылымның зияткерлік әлеуетін нығайту және жалпы адамзаттық құндылықтар негізінде оқыту мәселелерін қамтиды. Қолданбалы зерттеулер бағытына сай келеді.</p>
2	<p>Ғылымға маңыздылығы</p> <p>Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.</p>	<p>Диссертациялық зерттеу жұмысының отандық ғылымға қосатын үлесі айқын. Зерттеу тақырыбының маңыздылығы нақты. Диссертант отандық тарихтың XX ғасырдағы өзекті мәселелерін теориялық және методологиялық негізде жан-жақты зерделеп, зерттеуді жаңаша көзқарас тұрғысынан талдаған. Докторанттың диссертациялық зерттеу жұмысы осы тұрғыда маңызды әрі зерттеуді алдағы кезде жалғастыруды қажет етеді деп бағалаймын.</p>

		<p>1) жоғары;  2) орташа;  3) төмен;  4) өзі жазбаған</p>	<p>жоғары, өздігінен орындалған жұмыс. Біріншіден, автордың диссертациядағы тұжырымдары, ой-пікірлері, сараптаулары мен қорытындыларынан диссертанттың өзіндік қолтаңбасы анық көрінеді. Екіншіден, ғылыми нәтижелерге қол жеткізу мақсатында диссертант зерттеу нысанына сәйкес деректерді жинап, оларды бір жүйеге келтіріп, кең ғылыми талдау жүргізген.</p>
4	Ішкі бірлік принципі	<p>4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі</p> <p>1) <b>негізделген;</b>  2) жартылай негізделген;  3) негізделмеген.</p>	<p>Диссертацияның өзектілігі ХХ ғасырдың 20-30 жылдарындағы Қазақстан тарихының ақтаңдақ беттерін айқындайды. Зерттеу жұмысында аталған кезеңде орын алған аграрлық саладағы кеңестік реформалардың себептері мен салдары деректік тұрғыда негізделген. Елдегі саяси және әлеуметтік-экономикалық өзгерістер негізінде тікелей орын алған қарулы қарсылықтар, шекара асып босулары және ашаршылықтың көріністері еңбекте нақты сипатталған. Диссертация тақырыбының өзектілігі Қазақстан Республикасының түрлі кезеңдерде қабылданған, бүгіндері қолданыстағы мемлекеттік бағдарламаның талаптарына сәйкес келеді.</p>

<p>диссертация тақырыбын айқындайды</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) <b>айқындайды;</b></li> <li>2) жартылай айқындайды;</li> <li>3) айқындамайды</li> </ol>	<p>тақырыбын айқындайды. Жұмыстың мазмұны оның тақырыбын толық ашады. Диссертацияның құрылымы қысқартылған сөздерден және анықтамалар тізімінен, кіріспеден, үш бөлімнен, қорытындыдан, пайдаланған әдебиеттер тізімінен және қосымшалардан тұрады.</p>
<p>4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) <b>сәйкес келеді;</b></li> <li>2) жартылай сәйкес келеді;</li> <li>3) сәйкес келмейді</li> </ol>	<p>Диссертацияның мақсаты мен міндеттері тақырыпқа сәйкес. Зерттеуде қойылған мақсат айқын әрі нақты. Осыған сәйкес қойылған міндеттер зерттеу тақырыбымен үндеседі.</p>
<p>4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) <b>толық байланысқан;</b></li> <li>2) жартылай байланысқан;</li> <li>3) байланыс жоқ</li> </ol>	<p>Диссертацияның жалпы құрылымы толық логикалық байланысқан, әрбір тарауы мен бөлімдерінде бірізділік сақталған. Диссертацияның бөлімдері нақты ғылыми негізделген, нәтижесінде зерттеу жұмысының тұтастығына қол жеткізілген. Диссертациялық еңбек тақырыпта көтерілген өзекті мәселелерді, теориялық және қолданбалы-әдістемелік тұрғыда шешуге толық сәйкес келеді.</p>

		<p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) <b>сыни талдау бар;</b></li> <li>2) талдау жартылай жүргізілген;</li> <li>3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген</li> </ol>	<p>Автор ұсынған әдістер мен басы зерттеудегі модель «Қазақстан тарихы» пәнін оқытуда жан-жақты дәйектелген, сыни көзқарас сақталған.</p> <p>Диссертацияның ғылыми жаңашылдығы, ХХ ғасырдың 20-30 жылдарындағы қазақтың дәстүрлі мал шаруашылығының күйреуі және сол кезеңдегі қазақ ауылындағы түбегейлі өзгерістерге ұшыраудың себептері жаңа көзқараспен, архив құжаттарына сүйеніп дәйектелген тұжырымдармен тікелей байланысты.</p>
5	Ғылыми жаңашылдық принципі	<p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма?</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) толығымен жаңа;</li> <li>2) <b>жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</b></li> <li>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</li> </ol>	<p>Зерттеу жұмысы диссертация деңгейінде ұсынылған өзіндік еңбек. Жалпы тақырыптың қашанда өзекті және бұл бойынша белгілі дәрежедегі зерттеулердің бұрындары бар екендігін ескере отырып, жұмыста ұсынылып отырған ғылыми нәтижелер мен қағидаттардың жартылай жаңа деп бағалаймын.</p>
		<p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма?</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) <b>толығымен жаңа;</b></li> <li>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</li> <li>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</li> </ol>	<p>Диссертацияның қорытындылары өзіндік және жартылай жаңа. Зерттеу жұмысында жасалған қорытындылар мен тұжырымдар Қазақстан бойынша жүзеге асырылған аграрлық саясаттың өңірлік аспектілері және ерекшеліктерін нақты деректермен тұжырымдауы жаңа болып табылады.</p>
		<p>5.3 Техникалық, технологиялық,</p>	<p>Толығымен жаңа және негізделген.</p>

		<p>шешімдері жаңа және негізделген бе?</p> <p>1) толығымен жаңа;</p> <p>2) <b>жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</b></p> <p>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>гуманитарлық ғылым бағытында дайындалғандықтан техникалық және технологиялық шешім қабылдауды мақсат етпейді.</p>
6	Негізгі қорытындылардың негізділігі	<p>Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде <b>негізделген/негізделмеген (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)</b></p>	<p>Диссертациялық жұмыстың негізгі қорытындылары ғылыми көзқарас тұрғысынан алғанда салмақты да нақты деректерге негізделген. Шығыс Қазақстандағы дәстүрлі мал шаруашылығының ыдырау себептері және оның салдары республика көлеміндегі сол кездегі үрдіске сәйкес тарихи және теориялық тұрғыдан жеткілікті тұрғыда талданған. Аталған кезең бойынша жарияланған еңбектер мен нақты архив қорларынан алынған құжаттар, сондай-ақ партия органдары мен атқару органдарының қабылдаған нұсқаулары мен шешімдерін сыни көзқарас тұрғысынан тиімді пайдаланған.</p>

	қағидаттар	<p>сұрақтарға жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Қағидат дәлелденді ме?</p> <p>1) <b>дәлелденді;</b>  2) шамамен дәлелденді;  3) шамамен дәлелденбеді;  4) дәлелденбеді</p> <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <p>1) ия;  2) <b>жоқ</b></p> <p>7.3 Жаңа ма?</p> <p>1) <b>ия;</b>  2) жоқ</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <p>1) тар;  2) орташа;  3) <b>кең</b></p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <p>1) <b>ия;</b>  2) жоқ</p>	<p>7.2. Жұмыста келтірілген қағидаттар тривиалды емес.</p> <p>7.3. Ұсынылған қағидаттар жаңа.</p> <p>7.4 Қағидаттарды қолдану деңгейі жоғары.</p> <p>7.5. Диссертация тақырыбы аясында 9 мақала жарияланған. Соның ішінде ҚР Білім және ғылыми саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған басылымдарда 5 мақала. Scopus мәліметтер базасына кіретін шетелдік басылымда 2 мақала, шетелдік ғылыми журналдар мен конференцияларда 2 мақала жарық көрген. Мақала мазмұны диссертация тақырыбына сәйкес. Мақалаларда қорғауға шығарылған қағидаттар дәлелдеген.</p>
8	Дәйектілік принципі	<p>8.1 Әдістеменің таңдауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған</p> <p>1) <b>ия;</b>  2) жоқ</p>	<p>Диссертанттың әдіснамалық таңдауы толық негізделген және диссертациялық зерттеудің кіріспе бөлімінде нақты жазылған. Жалпығылыми әдістермен бірге тарих ғылымына тән әдістер сәтті қолданылған.</p>

	<p>дереккөздер мен қолданылған ақпараттың дәйектілігі</p> <p>8.2 Диссертацияның жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған.</p> <p>1) ия; 2) жоқ</p>	<p>Диссертацияның жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды, ғылыми зерттеулердің осы заманғы әдістемелерін және әдіснамаларын қолдану арқылы алынған және пайымдалған.</p>
	<p>8.3 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен <b>расталған</b> / ішінара расталған / расталмаған</p>	<p>Теориялық және практикалық қорытындылар, маңызды мәліметтер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттер сілтемелерімен көрсетілген.</p>
	<p>8.4 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға <b>жеткілікті</b>/жеткіліксіз</p>	<p>Пайдаланылған әдебиеттер тізіміндегі еңбектер саны 219 және тарихнамалық талдауға, пайдалануы толықтай жеткілікті.</p>
<p>9</p>	<p>Практикалық құндылық принципі</p> <p>9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар:</p> <p>1) ия; 2) жоқ</p>	<p>Диссертацияның теориялық маңызы бар. Ізденуші зерттеу барысында отандық, шетелдік іргелі ғылыми еңбектерге талдау жасаған және диссертацияның теориялық бөлімінде кеңінен қолданған.</p>



		<p>9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары:</p> <p>1) <b>ия;</b> 2) жоқ</p>	<p>Диссертацияның практикалық маңызы мен алынған нәтижелері жоғары, бұларды «Қазақстан тарихы курсы» және «Өлкетану» курсына оқылатын дәрістер мен өткізілетін семинар сабақтарында кеңінен пайдалануға болады.</p>
		<p>9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады?</p> <p>1) <b>толығымен жаңа;</b> 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Диссертацияда көрсетілген практикалық ұсыныстар толығымен жаңа болып табылады. Оларды оқыту барысында қолдану, білім алушылардың ХХ ғасыр басындағы дәстүрлі мал шаруашылығының ыдырауы үдерісін терең түсінуіне көмектеседі.</p>
10	Жазу және ресімдеу сапасы	<p>Академиялық жазу сапасы:</p> <p>1) жоғары; 2) <b>орташа;</b> 3) орташадан төмен; 4) төмен.</p>	<p>Диссертацияның жазу мен рәсімдеу сапасы академиялық жазу тұрғысынан орташа және ондағы ғылыми тілдің нақтылығы, мәтіннің логикалық сабақтастығы сияқты сипаттамаларға сәйкес келеді.</p>

Докторант Токишқадиров Ботабек Бейбитбековичтің (PhD) философия докторы дәрежесін алу үшін «ХХ ғасырдың 20-30 жылдарындағы Шығыс Қазақстандағы дәстүрлі мал шаруашылығының ыдырауы» тақырыбын «Қазақстан тарихы» курсына оқыту әдістемесі» атты дайындалған диссертациясы Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің талаптарына сәйкес орындалған, толық аяқталған жұмыс және «Дәрежелер беру қағидаларының» 2- тарауында көрсетілген диссертациялық

талаптарға толығымен сәйкес келеді деп есептеймін. Сол себепті, докторант Төкиншадирев Ботазек Венонитсовский-ке «6D011400-Тарих» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін беруге лайық деп бағалаймын.

**Ресми рецензент:**

**Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық  
қазақ-түрік университеті Тарих кафедрасының  
профессоры, тарих ғылымдарының докторы**

ҚОЛЫН  
РАСТАЙМЫН:  
Қожа Ахмет Ясауи атындағы  
Халықаралық қазақ-түрік  
университеті  
Тарих кафедрасының басқару  
бөлімінің бастығы 200



**Түрсүн Хазретәлі Маханұлы**